

**«Шығыс Қазақстан облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің
жергілікті кәсіподағы» ҚБ еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін
туралы заңнаманың сакталуындағы қоғамдық бақылау тиімділігін
арттыру жөніндегі жұмысы туралы**
АНЫҚТАМА

«Шығыс Қазақстан облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ (әрі қарай - Жергілікті кәсіподак) 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша құрамында 30393 кәсіподак мүшесінен, оның ішінде еңбек ететін 27232 адамнан тұратын 11 филиалды, 30 тікелей қызмет көрсететін бастауыш кәсіподак ұйымдарын біріктіреді. Өз жұмысында Жергілікті кәсіподак салауатты да қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөледі. Жыл сайынғы жұмыс жоспарын құру кезінде еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар көзделеді. Еңбекті қорғау саласындағы қызметтің негізгі бағыттары:

- «Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы» ММ және «Шығыс Қазақстан облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Семей аумақтық ұйымы» ҚБ араларындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Келісімнің «Еңбекті және денсаулықты қорғау» бөлімінің іс-шараларын іске асыруды бақылау;

- Комитет пен Атқару комитетінің отырыстарында еңбекті қорғау жөніндегі мәселелерді қарау;

- кәсіподак активін еңбекті қорғау бойынша оқыту, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша әдістемелік және кеңес беру жұмысы;

- білім беру ұйымдарының кәсіподак активі мен қызметкерлері үшін еңбекті қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу болып табылады.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының және облыстық кәсіподак ұйымының Жарғыларына сәйкес кәсіподак органдары мен ұйымдарының жұмысындағы басымды бағыт еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау болып табылады.

Бұл міндетті іске асыру үшін кәсіподактың штаттық кестесінде құқықтық жұмыс және ЕҚЖЕҚ жөніндегі жұмыс бойынша бас маман бірлігі (лауазымы) көзделген.

Кәсіподак мүшелерін өндірістік жаракаттанудан қорғауды ұйымдастыру және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау жөніндегі жұмыста кәсіподактың облыстық комитетінің аппараты кәсіподак мүшелеріне кеңес беруге, семинарлар өткізуге, кәсіподак мамандары мен кәсіподак активін оқытуға көп көңіл бөледі. Соңғы үш жылда облыста «Өндірістік кеңес қызметі, ЕҚ жөніндегі техникалық инспектор жұмысы», «ЕҚЖЕҚ мәселелеріне қатысты КР заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толыктырулар», «Лайықты еңбек, қауіпсіз еңбек» тақырыптары төнірегінде 55 семинар, «Әр адамның қауіпсіздігі – баршамыздың стратегиямыз» атты семинар-байқау ұйымдастырылды. ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша Өскемен және Риддер қалалық ұйымдарындағы, сондай-ақ

Ұлан және Зайсан аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымдарындағы оқыту және бақылау жөніндегі он жұмыс нәтижелерін атап өтуге болады. Жергілікті кәсіподақ қолдауымен білім беру ұйымдарының барлық басшылары мен ЕҚЖЕҚ жауаптылар еңбекті қорғау жөнінде курстан өтіп, сертификаттарын алды.

Семинарларға Шығыс Қазақстан облыстық СЭС, ТЖ өкілдері, еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекторлары қатысып, бұл жиналған мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

Өткізілген семинарлардың негізгі тақырыптары Салалық кәсіподақ пен КР БжФМ әдістемелік ұсыныстарын, КР Еңбек кодексінің нормалары мен ережелерін түсіндіру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, оларды кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қолдану тәжіриbesі болып табылады. Семинарлар тақырыптары мен оларды өткізу кестесі жыл сайын Жергілікті кәсіподақтың Атқару комитеті отырысында бекітіледі.

Облыстық кәсіподақ комитеті білім саласында ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша кеңестер беріп, түсіндірулер жүргізу үшін Салалық кәсіподақтың БКБ платформасын қолданатынын айта кеткен жөн.

Әлеуметтік әріптестік туралы Келісімге сәйкес аймақтың Білім басқармасы білім беру ұйымдарындағы ЕҚЖЕҚ бойынша 17 міндеттемені қамтамасыз етуі тиіс, оған қызметкерлерді салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайымен қамтамасыз ету, қызметкерлерде өндірістік жарақаттың және кәсіптік аурудың туындауының алдын алу, еңбекті қорғау жөнінде нұсқаулықтар өткізу, қызметкерлердің еңбекті қорғау жөнінде білімдерін тексеруді ұйымдастыру, қызметкерлерді арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету және т.б. жатады. Келісімге №5 Қосымшада зиянды, қауіпті, ауыр жағдайлардағы жұмыс үшін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысына, қосымша ақыға құқылы қызметкерлер Тізімі белгіленеді; №8-10 Қосымшаларында қызметкерлерді Жеке қауіпсіз құралдарымен және жуу, заарарсыздандыру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары белгіленген; №13 Қосымшасында – «Білім және ғылым ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес туралы Ереже», №14 Қосымшасында – «Білім және ғылым ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы Үлгілі Ереже».

Қызметкерлердің құқықтарын бұзушылықты анықтау және оларға жол бермеу мақсатында: Facebook, Telegram, Instagram барлық әлеуметтік желілерінде жүйелі мониторинг жүргізілген.

Мәселені шын мәнінде анықтап қарау үшін сол жерлерге барғандығы туралы өтініштер бар (арызданушымен, ұйым басшыларымен және еңбек ұжымдарымен кездесулер).

2021 жылғы жетександы Атқару комитетінің отырысында «Тарбағатай және Шемонаиха аудандық ұйымдарының еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың қызметкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысы туралы» мәселесі қаралды. 2022 жылы «Аудандық қалалық комитеттердің еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманы қадағалауға

қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жағдайы туралы» мәселесін қарау жоспарлануда. Жыл сайын Комитет отырыстарында ЕҚЖЕҚ жөніндегі жұмыс туралы есеп тыңдалады.

Жергілікті кәсіподак төмендегі әдістемелік материалдарды шыгарып, ведомстволық бағынышты ұйымдарға таратты:

- Қазақстан Республикасындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
- ЕҚЖЕҚ жөніндегі өндірістік кенес туралы Үлгілі ереже;
- білім беру ұйымдарындағы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы Үлгілі ереже;
- Қазақстан Республикасындағы мүгедектерге тиісті женілдіктер;
- білім беру ұйымдарында Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күнін өткізу жөнінде әдістемелік ұсыныстар;
- жазатайым оқига актісін ресімдеу;
- білім беру ұйымдарында ҚТ және ЕҚ жағдайын зерттеу нысандары.

2022 жылы «Білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға көмек» әдістемелік құралы шығарылды.

Қоғамдық бақылау аясында есепке сәйкес (№4 қосымша), жұмыс берушілердің ұжымдық шарттар мен келісімдерде көзделген еңбекті қорғау жөніндегі міндеттемелерді орындау жөнінде білім беру ұйымдарында 79 тексеру жүргізілді. Кәсіподак мүшелерінің арыздары мен шағымдарын қарау барысында, олардың еңбек заңнамасы саласында құқықтарын бұзушылықпен байланысты 141 бұзушылық анықталды.

Дегенмен, ШҚО білім беру ұйымдарында қашықтық режимінен қалыпты режимге жедел ауысумен байланысты жаракаттанудың көбеюі байқалады.

Облыстың білім беру ұйымдарында өлім жағдайымен аяқталған жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

Аймақта АҚБ деңгейінде әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек катынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия қызмет етеді. 2021-2023 жылдарға арналған аймақтық келісім еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда тіркеуден өтті.

Әлеуметтік әріптестікті дамыту және еңбек катынастары жағдайының мәселелері Комитет пен Атқару комитеті отырыстарында жүйелі түрде каралады.

Тексеру қорытындысы бойынша ұсынылды:

1. Әр тоқсан сайын оқу-ағарту ұйымдарындағы өндірістегі жазатайым оқиғалар бойынша ШҚО мемлекеттік еңбек инспекциясымен бірлесіп тексеру жүргізілсін.
2. Жергілікті кәсіподактың 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына мемлекеттік қадағалау органдары мен басқарма өкілдерін шақырып, семинар өткізу қосылсын.

**Қазақстандық салалық білім және ғылым
қызметкерлері кәсіподагының
құқықтық жұмыс және ЕҚЖЕҚ бөлімі**